

3. Методические указания по наблюдениям за деформациями бортов, откосов уступов и отвалов на карьерах и разработке мероприятий по обеспечению их устойчивости. Согласованы МЧС РК, №39 от 22 сентября 2008 г.

4. Инструкция по укреплению откосов уступов и бортов карьера (для условий карьера «Васильковский» ТОО «Altyntau Kokshetau»), г. Караганда, 2013 г., 109с.

Абжанова Г., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Бизнес, құқық және технология факультеті, ОПЭК-31к тобы, студент
(Ғылыми жетекші – саясаттану магистрі, аға оқытушы Бадел А.Б.)

ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ САУАТТЫЛЫҒЫ МЕН БЕЛСЕНДІЛІГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Азаматтық қоғамның қалыптасу кезеңінде, бүкілхалықтық сайлау өткізу арқылы азаматтар қалыптасқан саяси жағдайға үлкен жауапкершілік үлестеріне ие болған кезде Қазақстан азаматтарының саяси сауаттылығы (құзыреттілігі) туралы мәселе өте өткір тұр. Біздің зерттеу аясындағы саяси құзыреттілік деп біз қоғам туралы білім деңгейін, қоғамдық және саяси өмірге саналы түрде қатысуға мүмкіндік беретін саяси және қоғамдық қызмет дағдысын, жеке адамның этикалық және азаматтық қасиеттерін түсінетін боламыз.

Халықтың саяси сауаттылығы деңгейін арттыру қажеттілігімен қатар мемлекеттік билік өкілдері алдында тағы бір өзекті мәселе – азаматтардың электоралдық белсенділігін арттыру. Адамның саяси хабардарлығы мен саяси белсенділігінің арасында тәуелділік бар. Статистика көрсеткендей, соңғы жылдары Қазақ елінде өтіп жатқан барлық сайлауда 43% сұралғандардың, ал 18% бірде-бір сайлауға қатыспады. Халықтың электоралды белсенділігінің мұндай апатты аз деңгейі саяси сала қызметінде әртүрлі ауытқуларды тудыра отырып, мемлекеттік саяси жүйенің тұрақтылығына сөзсіз қатер төндіруі мүмкін. Сайлау белсенділігін арттырудың басты сәті жастармен оның саяси сауаттылығын арттыру бойынша жұмыс болып табылады. Қойылған мәселенің өзектілігі жоғары болғандықтан, біз оқушылар мен студенттерінің саяси құзыреттілігін анықтауға бағытталған әлеуметтік зерттеу жүргіздік. Зерттеу көрсеткендей, жасөспірімдер саясатқа сенімсіз бағдарланады: сұралғандардың 12,78% - ы бұл олардың оңай болатынын атап өтті.

Жастарының саяси сауаттылығын бағалаудың нәтижесі нақты сан-деректермен білгіңіз келсе, жастармен тікелей жұмыс істейтін еліміздегі негізгі орган – Білім және ғылым министрлігі, жастар ісі жөніндегі комитеттің деректері бар. Бірақ біз сол комитеттің жастар арасында сауланамалар, зерттеулер жүргізіп жатқанын ешқашан естімедік, көрмедік. Оның ішінде жастардың саяси сауаттылығын анықтау үшін зерттеулер тіпті жүргізілмеді де. Мысалы көршілес Ресей мен біздегі халықтың саяси мәдениетінің деңгейі, саяси даму үрдісі бір деңгейде. Бірақ ресейлік әріптестеріміздің айтуынша, оларда «жастардың саяси білімінің деңгейі», «жастардың электоралды белсенділігі» деген сияқты дөңгелек үстелдер, конференциялар жиі өткізіліп тұрады. Тіпті автономиялық елдерінде де зерттеулер жүргізу әдетке айналған. Әзірге бізде ондай нақты жұмыстар жоқ.

Негізгі жұмыспен, қоғамдық істерде жастармен кездесіп тұрамыз. Жүздесу нәтижесін өзіміз мониторинг жасап, қағазға түртіп жүреміз. Байқағанымыз, біздегі жастардың саяси белсенділігі жоғары емес. Ішкі эмоцияларын әлеуметтік желілер мен интернет форумдарда шығарып жатады. Ол жердегі жазбалардың өзі конструктивті сыны жоқ, бас-көз демей төпелеуге негізделген ой-пікірлер ғана. Саяси мәдениеттің деңгейі азаматтардың қоғамда болып жатқан оқиғаларға, биліктің әрбір шешіміне, Парламент қабылдаған заңдарына бей-жай қарамаудан басталады. Соның бәрін жастар қадағалап отырады дегенге сену қиын. Элитаның кейбір шешімі биліктен дәмелі кейбір топтың мүддесіне қайшы келгенде жекелеген сол топтар қолындағы ресурстары арқылы қоғамдық пікір туғызып жібереді. Осындай кезде жастардың әлеуметтік желіде, түрлі сайттарда шулап, эмоция көрсетіп жатуынан-ақ, өзіндік пікірдің, ұстанымның қандай екенін аңғару қиын емес.

Жүргізе отырып, неғұрлым терең мағынаға алынған деректерді талдау, атап өту қажет, бұл жас адамдар, төмендегілерді көрсеткендер, олар оңай саяси өмірді оңай жеңіл-желпі көрсете салады, бізсіз мемлекет саясатты басқара береді, тіпті көп тұлғалар сайланып қойылады деп. Осылайша, респонденттердің 35 % - дан астамы сайлауда халық ҚР Премьер-Министрін, ҚР Президенті аппаратының қызметкерлерін және тіпті сот билігінің өкілдерін тандайтынына сенімді.

Сонымен қатар, саясатқа оңай бағдарланатынын мәлімдеген респонденттердің жартысына жуығы мемлекеттік билікті үш негізгі тармаққа бөлуге қатысты дұрыс емес жауаптар береді. Жауаптардың дұрыстығы респонденттің жасына байланысты емес екенін атап өткен жөн.

Респонденттердің жауаптарында өңірлік және муниципалдық саяси көшбасшыларға салғырт қарау үрдісі байқалады: жастар ҚР Президентінің (93,30 %) және ҚР Премьер-Министрінің (90,51%) аты туралы, облыс басшысының (63,13 %) немесе қала мэрі (74,86%) аты туралы сұрақтарға жауап береді. Біздің ойымызша, бұл бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік билік деңгейіне назар аударуымен және аймақтық және муниципалдық саясат пен саяси қызмет туралы ескертулерді нивелирлеумен түсіндіріледі.

Респонденттердің 25,00 % - ы қоғамның осы өмір сүру саласы қызықты емес деп мәлімдегені қызықты. Бұл өте маңызды факт: жастардың төрттен бір бөлігі өз елінде болып жатқан саяси процестерге мүлде қызығушылық танытпайды. Егер осы топ өкілдерін саясат саласына қызығушылық танытпаса, онда бұл іс жүзінде қалыптасқан пассивті электораттың қабаты болады.

Біздің ойымызша, мұндай үдерістердің дамуын болдырмау үшін мақсаты болып табылатын білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру қажет: жастардың әлеуметтік және саяси белсенділігіне бастамашылық ету; жергілікті өзін-өзі басқару және азаматтардың өзін-өзі ұйымдастыру міндеттерін дербес және жауапты шешуге дайындау; жастардың азаматтық сана-сезіміне тәрбиелеу; жастардың «муниципалдық білім және өз өңірі өмірінде» қатысу мүмкіндіктерін дамыту.

Осыған байланысты біз оқытудың қандай әдістері неғұрлым тиімді екенін анықтауға тырыстық. Респонденттер компанияның персоналын оқытудың тиімді әдістерін атап көрсетті: өзін-өзі дайындау (14,14 %); практика (11,91 %); қашықтықтан оқыту (8,56 %); семинар (7,97 %); мінез - құлық үлгілеу (6,08 %); баскет-әдіс (проблемаға батыру әдісі) (4,84 %); конференция (3,96 %); іскерлік ойын (3,96 %); оқу кино-және бейнефильмдер (3,47 %); рөлдік ойын (2,73 %); практикалық жағдайларды талдау (6,08%); case-study) (1,61%); дәріс (0,75%). Аталған даярлау мен оқыту әдістерінің көпшілігі көп функционалды және білім беру процесін оңтайландыру үшін оңай араласады.

15-17 жас аралығындағы жастардың саяси сауаттылығын арттырудың әлеуметтік технологиясын әзірлеу мемлекет азаматтарының электоралдық белсенділік деңгейін арттыру бағытындағы қызметтің ең маңызды түрлерінің бірі болып табылады. Жастардың саяси сауаттылығын арттыру технологиясын жастардың саяси хабардарлығы динамикасының ықтимал бағыттары көрсетілген білім беру картасы ретінде көрсетуге болады. Саяси хабардарлықты басқару процестеріне технологиялық әсер етудің ерекшелігі әлеуметтік технологияны әзірлеудің және енгізудің негізгі кезеңдерінің болуы болып табылады, оларды сақтау қоғамның саяси қызмет саласын ойластырылған, салмақты және ұтымды таңдау жасауға қабілетті саяси сауатты азаматтармен қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Саяси сауаттылықты арттыру процестерінде оларды іске асыру әдісін таңдау маңызды мәнге ие. Әрине, оқытудың әрбір әдісі өзінің артықшылықтары мен кемшіліктеріне ие. Қандай да бір оқыту әдісі ең тиімді деп айту дұрыс емес еді. Қандай да бір әдісті таңдау кезіндегі негізгі критерий оның мақсатқа жетуді ескере отырып тиімділігі болып табылады. Оқытудың заманауи бағдарламаларының көпшілігі материалды – лекциялар, бейнефильмдер, іскерлік ойындар, модельдеу және т. б. берудің әртүрлі әдістерінің үйлесімін білдіреді. Жастардың кәсіби сауаттылығын арттыру әдісін таңдау бірнеше факторларға байланысты:

- жасөспірімдерді оқыта отырып, осы проблематикаға қызығушылық туғызу қажет));
- қажетті ресурстардың болуы (материалдық-техникалық, ақпараттық, қаржылық, уақытша және т. б.);
- оқытылатын пәннің ерекшелігі (қоғам, мемлекет өмірінің саяси саласы);
- педагогтердің дайындық деңгейі (хабардар болу, белсенді, практикаға бағытталған оқыту әдістемелерін меңгеру және т.б.).

Жастардың саяси сауаттылығын осылай саралап көретін болсақ. Жас азаматтар өз құқығын қандай ұйымдар арқылы қорғап жүр? Біздіңше, еліміз бойынша тіркелген мыңға жуық жастар ұйымының барлық жұмысы – мемлекеттің әлеуметтік жобаларға беретін тапсырысын (тендер) алумен, сол жерден нанын табу. Жастардың дені баспанасыз. Бірақ Үкімет жүргізіп жатқан «Қолжетімді баспана» бағдарламасын білмейді, білетіндері сенбейді. Себебі олар қоғам алдындағы жауапкершілікті әлі сезінген жоқ. Сайлау кезінде электоратта – абсентеизм. Егер

сайлауға қатысып, дауыс берсе, адам берген даусын бұлдай алар еді. Сайлауға бармаған адамда талап ету, құқық қорғау деген қарапайым нәрселер автоматты түрде жойылады, яғни бейқамдық, қызығушылық жоқ. Жастар ұйымдарының жұмысы өте әлсіз екенін мына мысалдан-ақ көруге болады ғой. 900 ден аса жастар ұйымы тіркеуде тұрғанымен, жастар шашыраңқы жүреді. Ортақ мақсат, мүдде жоқ. Журналистер әлеуметтік желілерде, шоу-бизнес өкілдері тойда, мұғалімдер тексерістен қорқып бума-бума қағаз құшақтап жүр, ауыл жастарының күндіз мал қарап, кешке карта ойнаудан қолы босамайды. Мүмкін бұл жағдай нарық заманының талабы шығар, бірақ бірлік жоқ жерде ешқандай саясат жүзеге аспайтыны сияқты, шашыраңқы жүргенде қандай жастар саясаты болсын. Саяси сауаттылық деңгейін біз осылай бағаладық.

Осы тұста америкалық политолог Габриэль Алмонд ұсынған саяси жүйенің моделімен қорытынды жасасақ. Ол алғашқылардың бірі болып, саяси жүйені зерттеудің құрылымын жасап шығарды. Кез келген жүйедегідей саяси жүйеде де циркуляция, яғни айналым жүреді. Айналым «кірістен» және «шығыстан» тұрады. Шешім қабылданатын ядро — билікті шеңбер депалатын болсақ, оған «кіріс» ретінде – халықтың талап-тілегі, мұң-мұқтажы алынады. Ал «шығыс» – сол талаптарды қанағаттандыратын саяси шешімдер. Егер «кіріс» қана болса немесе халыққа қажеті жоқ «шығыс» қана болса жүйе өзінің негізгі функциясын атқаруға қабілетсіз боп қалады. Дәл сол сияқты ғой. Айтып жүрген мемлекеттік бағдарламаларға қатысты жастар өзіне қажетті проблеманы зерттеп, Үкіметке ұсынған жоқ. Үкімет өзі шамамен есептеп шешім қабылдап қойды. Егер жастар «Қолжетімді баспанамен» үй ала алмаса, «Жұмыспен қамту» бойынша жұмыс таба алмаса, ол – жүйенің дұрыс жұмыс істемеуі деп білген жөн.

Адамбекова К., Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті, Эко-19-2 тобының студенті
(*Ғылыми жетекші - ф.ғ.к., профессор Қабатаева К.Т.*)

СӨЗ ТІРКЕСІ СИНТАКСИСІ

Синтаксистің объектісіне сөз тіркесі, жай сөйлем, құрмалас сөйлем және күрделі синтаксистік тұтастық жатады. Соңғысын В.В.Виноградов «Завершающей частью грамматики» деп синтаксистің объектісіне жататын синтаксистік категориялардың барлық жиынтығының шоғырланған тобы деп берген болатын.

Кейде осы күнге дейінгі синтаксистік категорияларды осы ретпен барумен бірге, керісінше, күрделі синтаксистік тұтастық, қарастыру да кездеседі.

Әсіресе синтаксистің осы салаларының ішіндегі соңғы кезде жан-жақты қолға алына бастаған объектісінің бірі – сөз тіркесінің синтаксисі жөнінде қазақ тілі және қазақ тілі мен басқа тілдерді салыстыру жайында 400-дей монография, оқулық және мақала жарық көріпті. Ол еңбектерде сөз тіркесінің теориялық мәселелері, сөз тіркесінің орыс тілі, ағылшын, неміс тілдерімен салыстырыла берілуі, тарихы сияқты мәселелер қамтылғанымен, сөз тіркестерін мектептерде оқытудың методикасы біреу мақаланың төңірегінде ғана сөз болып отыр. Сондықтан да сөз тіркесіне қатысты методикалық мәселелер – жан-жақты қарастыруды күтіп отырған күрделі мәселе. Сөз тіркесінің теориясында, түркологиялық еңбектерде бір ізге түспеген мәселелер баршылық.

Атап айтқанда, сөз тіркесі сөйлемде қолданыла ма, жоқ одан тыс категория ма, сөз тіркесіне салалас не сабақтас тіркестердің қатысы, олардың құрылысы, сөз тіркесінің сөйлемнен айырмашылығы сияқты мәселелері әлі де болса жан-жақты талдауды қажет етеді. Енді осылардың кейбіріне аздап тоқтауды жөн көрдік.

1. Сөз тіркесі сөйлемде немесе сөйлемнен тыс қолданыла ма? деген мәселе төңірегінде де талас пікірлер кездеседі. Бұл мәселенің өзі тек түркологияда ғана емес, орыс тіл білімінде де онша шешімін таба қойған жоқ. Дегенмен, орыс тіл білімінде В.В.Виноградов, В.Н.Ярцева, Д.Ю.Корбин, К.Н.Абервух, түркологияда М.Балақаев, М.Х.Закиев сөз тіркесі негізінде тек сөйлемде, яғни сөйлемнің құрылыс материалы ретінде қолданылады деп дәлелдейді.

Шындығында да, сөз тіркесі де сөз тәрізді қолданылады. Жалпы сөз лексика, семасиология, морфология мен синтаксистің объектісі екені белгілі. Егер сөз сол тілдік салалардың барлығына да қатысты десек, сөз тіркесін құраудың да басты тірегі. Сөйлемде